

**"Коммуналдық меншікті басқару туралы" Зырян ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 14 қазандағы № 7 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 9 маусымдағы N 58 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зырян аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 22 шілдеде N 5-12-90 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Зырян ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 01 ақпандағы N 515 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ШҚО Зырян ауданы әкімдігінің 2010.02.01 N 515 қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37 бабының 9 тармағын басшылыққа ала отырып, әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Коммуналдық меншікті басқару туралы» Зырян ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 14 қазандағы № 7 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

9 тармақ келесі редакцияда баяндалсын: «Осы қаулы оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді».

2. Осы қаулы оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді

*Зырян ауданының әкімі*

*Р. Мусин*